

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты

Презентация

Тақырыбы: Цифрлық білім беру ресурстарына таныстырылым

Орындаған: Баумуратова Айман

Алдабек Гұлдана

Тобы: 111-15

Қабылдаған: Баймишева Айымхан

Шымкент, 2017

Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар – оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуальды нақтылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары.



Цифрлық білім беру ресурсстары

Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу платформааралық құру технологияларын қамтиды

Цифирлық білім беру ресурстарын әзірлеуде алдыңғы қатарлы мультимедиялық технологиялар қолданылады

Мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесіндегі басты немесе қосалқы ресурс ретінде пайдаланады

Оқушылар цифрлық білім беру ресурстарын сабактарға өз бетінше дайындық барысында және білімдерін бекіту үшін қолданады

Барлық сандық білім беру ресурстары халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді

Цифирлық білім беру ресурстары әзірлеудің алдыңғы қатарлы халықаралық және отандық тәжірибесін қамтиды

Стандарт бойынша цифрлық білім ресурстары – бұл білімдік процесс субъектілерінің интерактивтік қашықтықтан өзара әрекеттестік ретінде электрондық оқытуудың ақпаратынастық білімдік ортасының жинағын құруды қамтамасыз ететін электрондық тасуыштардағы дидактикалық материалдар деп анықталған.

Цифрлық білім ресурстарға қойылатын жалпы педагогикалық талаптардың 6 түрі бар олар:

1) Фылымилық қагида бойынша:

- * оқу материалының мазмұнын баяндаудың ғылыми дұрыстығы;
- * пайдаланылатын терминологиялардың қазіргі заманғы түсіндірмелерге сәйкестігі;
- * оқу материалын баяндау түсінікті, нақты, толық және қайшылықсыз болуы тиіс.

2) Түсініктілік қагида:

- * оқу материалын оқушылардың нақты жас ерекшеліктеріне бейімді түрде ұсыну.
- * оқушыларда парасаттық, адамгершілік, физикалық артық жүктемелердің болмауы.

3) Қорнекілік қагида:

- * оқу материалын қабылдауға және қайта өндеуге сезім мүшелерін мақсатқа лайықты қатыстыру;
- * оқу материалын барынша көрінерлік ету.

4) Жүйелік қагида:

- * ЦБР-дың оқу процесінің белгілі бір құрылымдық құрамдас бөлігіне сәйкестігі: құлшыныстық-мақсаттық; мағналы мазмұндық; операциялық іс әрекеттік немесе бағалаушылық нәтижелік.

5) Саналылық қагида мен интерактивтік бойынша:

- * пайдаланушылар үшін оқу міндеттерінің айқын қойылымы.
- * оқушылар мұддесіне тірек және ілім түрткілерін қалыптастыру.
- * оқушылардың белсенді ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыру.
- * шынайы уақыт режимінде өзара әрекеттестікті және кері байланыстарды ұйымдастыру.

6) Теорияның практикамен байланыс қагида:

- * оқу материалының практикалық бағдарланғыштығы.
- * ЦБР-дың қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы.

Оқу үдерісінде цифрлық білім ресурстарын тиімді пайдалану

Оқу үдерісінде ЦБР тиімді пайдалану үшін, алдымен ЦБР топтамасымен танысып, ондағы қажетті ресурсты таңдай білген жөн. Біздің елімізде ең ауқымды ЦБР топтамасы **Ақпараттандырудын Ұлттық орталығының www.nci.kz** сайтында орналасқан.

ЦБР топтамасы қарастыратын негізгі мәселелер - мұғалімге сабакты даярлау барысында көмектесу; *сабак барысындағы көмек*; окушыларға үй тапсырмасын орындауда көмектесу.

ЦБР топтамасының мазмұны:

Ақпаратты алу блогы: ғылыми-танымал мақалалар, қайнар көздерінің мәтіндері, оқулықтардың үзінділері, иллюстрациялар, анимациялар, басқа да мультимедия компоненттері, мультимедиялық сабак-презентациялары.

Виртуальды галерея: бейнеүзінділер, анимациялар, нақты және синтездік бейнелер. Дыбыстық обьектілер.

Виртуальды лаборатория: интербелсенді модельдер, интербелсенді анимациялар, виртуальды лаборатория.

Анықтамалық материалдар: графиктер мен диаграммалар, ғалымдардың өмірбаяндары, түйіндемелері бар Интернет-сілтемелер.

Терминдер, анықтамалар және заңдардың сөздігі.

Аттестация: сұрақтар мен есептердің жиынтығы, зерттеушілік іс-әрекетке арналған тапсырмалар.



Білім беру үдерісінде ЦБР-ды қолданудың негізгі әдістері:

Біріншіден. ЦБР-ды пайдаланудың ең танымал түрі, ол – электрондық құралды жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабакты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР-ды пайдаланған дұрыс.

Екіншіден. оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған ЦБР-дағы үлкен мүмкіндіктерді пайдалану әдісін атауға болады. Мұндай әрекет үй тапсырмасын, сынақ және т.б. даярлауда орындалуы мүмкін. АКПО құрамына кіретін ЦБР материалдарына жобалау қызметінде де сұраныс бар. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары: анимация, бейне, дыбыстық сүйемелдеу, интерактивті компоненттер, суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және қарапайым мәтіндер де пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден. ЦБР-ды әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастыруға қолдану әдісін атауға болады. Мұндағы бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі жайлы.

Төртіншіден. мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ды нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс. Бұл сақталған ресурстардың қорын жасап, оларды бір жүйеге келтіріп, оқушыға да, мұғалімге де тақырып бойынша қажетті ресурсты жылдам іздестіруге көмектеседі. Сөйтіп, білім беру мекемесінде қарастырылатын проблема бойынша сақтаулы тұрған ЦБР, қағазда тасымалданатын ресурстар және Internet желісіндегі сайttарға сілтемелер жайлы берілгендер банкі де құрылуы мүмкін.

Бесіншіден. ЦБР-ды лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде және көптеген курстарда қарастырылатын әртүрлі топтық іс-әрекеттерде қолдану әдісін атауға болады. Бұл жерде, негізінен, лабораториялық жұмысты жүргізудің имитаторы болып табылатын интерактивті ЦБР жайлы сөз болады.

Алтыншыдан. жаратылыстану ғылыми циклінің пәндері мен информатика және АКТ үшін интерактивті ЦБР-ды жаттықтыруши ретінде қолдану әдісін айтуға болады. Бұл жағдайда объектінің, құбылыстың немесе үдерістің нақты жағдайға максимальды жақын моделі құрылып, оның жүрісі параметрлерді өзгерте отырып жан-жақты зерттеледі.

Жетіншіден. оқушыларға мұғалімнің қатысуының өздеріне ығайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытууды ұйымдастыру әдісін айтуға болады. Бұл әдіс уақытша жұмысқа жарамсыз оқушылар үшін, үйде оқытын немесе жолсапарда жүрген балаларға өте тиімді.